

ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ТҮЙІНДЕМЕ

ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ ОРНЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ, ШЕКАРАСЫ КӨРСЕТІЛГЕН ЖОСПАР

Жоба Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылдық округі аумағында орналасқан. Қалдық қоймасының жалпы ауданы – 7700 га, жоба аясында биологиялық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін аумақ – 640 га. Қалдық қоймасы Ақтау қаласынан 3–4 км, Каспий теңізінен 7–8 км қашықтықта орналасқан. Шекаралық жоспар ArcGIS технологиясы арқылы әзірленген.

ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТ ӘСЕР ЕТЕТІН АЙМАҚТАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Аумағы өте құрғақ әрі ыстық климатпен сипатталады. Жауын-шашын аз (жылына 100–160 мм), булану жоғары (1500 мм), жел жылдамдығы 3,7–6,0 м/с. Топырағы – шөлді, сортаң, өсімдік жамылғысы сирек. Су ресурстары шектеулі, жер асты сулары өте тереңде (4–6 м) және тұзды. Қалдық қоймасында 105 млн тонна зиянды қалдық сақталған, олардан желмен ұшатын шаң мен зиянды бөлшектер қоршаған орта мен халықтың денсаулығына қауіп төндіреді.

ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТАМАШЫСЫНЫҢ АТАЛУЫ

Мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат
ММ «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»
Эл. пошта: mangystautabigat@gmail.com, zh.adilbekova@mangystau.gov.kz
Телефон: 8-(7292)-46-21-31, ішкі 1153

ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жоба мақсаты – «Қошқар-Ата» қалдық қоймасының шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі санитарлық-қорғау аймағында биологиялық рекультивация жүргізу. Бұл мақсатта қара сексеуіл көшеттері отырғызылып, суару, агротехникалық күтіп-баптау, аумақты қоршау және өртке қарсы шаралар қарастырылған.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ӘСЕРЛЕРІНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жобаның қоршаған ортаға оң әсерлері:

- Ауаның шандануын азайту;
- Радиоактивті және зиянды бөлшектердің таралуын тежеу;
- Топырақ эрозиясына қарсы тосқауыл жасау;

- Жердің биологиялық өнімділігін қалпына келтіру;
- Биологиялық әртүрлілікті сақтау және арттыру.

Атмосфералық ауаға әсері

Жобаның жүзеге асуы ауа сапасын жақсартуға бағытталған. Желмен ұшатын зиянды бөлшектер мен шаңды орман белдеулері ұстап тұратын болады. Бұл – өңірдегі ауа бассейнін қалпына келтіруде маңызды экологиялық тосқауыл.

Су ресурстарына әсері

Тікелей теріс әсер жоқ. Суару үшін жер асты тұзды сулары емес, техникалық су (Ақтау қаласынан жеткізілетін) пайдаланылуы көзделген. Жер асты сулары тереңде және жарамсыз, сондықтан оларға әсер болмайды.

Топыраққа әсері

Топырақ эрозиясының алдын алу – жобаның басты міндеттерінің бірі. Ағаш пен бұта отырғызу арқылы жел мен су эрозиясының ықтималдығы азаяды. Өңдеу кезінде топырақтың құнарлылығына кері әсер ететін іс-шаралар қарастырылмаған.

Биологиялық әртүрлілікке әсері

Жоба шеңберінде интродукциялық және жергілікті өсімдік түрлері – негізінен қара сексеуіл отырғызылады. Бұл биологиялық әртүрлілікті сақтауға және қалпына келтіруге ықпал етеді. Өздігінен өсетін өсімдіктердің таралуы да қолдау табады.

**«Орман шаруашылығы ЕҚТА
және жануарлар дүниесі»
бөлімінің басшысы**



Ж. Әділбекова